

Бекітемін:

ЖК Н.И. Ғайып «Ақбөбек» балабақшасы

Әдіскері: Бал Ж. Балғабаева

5 желтоқсан 2025 жыл

Білім беру ұйымы: "Ақбөбек" балабақшасы

Топ: "Балалар" ортаңғы тобы

Балалардың жасы: 3 жастан

Педагогтың аты-жөні: Убайдуллаева Г.Т

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы

Желтоқсан айы 2025 жыл 2 апта

Желтоқсан тәуелсіздік және отаншылдық айы

Отан, ел, туған өлке туралы білу

Қазақстанның мемлекеттік рәміздерін білу

Мемлекеттік тілді білу

Ұлттық мерекелер, ойындар, дәстүрлер туралы білу

Табиғатқа қамқорлық таныта білу

Күн тәртібі	Дүйсенбі 08.12.2025 ж	Сейсенбі 09.12.2025 ж	Сәрсенбі 10.12.2025ж	Бейсенбі 11.12.2025ж	Жұма 12.12.2025ж
Балаларды қабылдау	Балаларды жылы қарсы алу, ата-аналарымен амандасу Балалардың сыртқы келбетін, денсаулық жағдайын бақылау (көңіл-күйі, тазалығы, дене температурасы, т.б.) Ата-аналардан баланың денсаулығы туралы қысқаша ақпарат алу Балаларды жеке-жеке ойынға бағыттау, таңғы тыныш ойындарды ұйымдастыру Әлеуметтік қарым-қатынасын дамытуға жағдай жасау (құрдастарымен амандасу, әңгімелесу) Қауіпсіздікті қамтамасыз ету (заттарын дұрыс орнына қою, тәртіп сақтау) Қауіпсіз, жайлы дамытушы білім беру ортасын құру Қазақ халқының мәдени мұрасы домбыра күйлерін қосу Күй күмбірі				
Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен	Ата-аналардың педагогикалық мәдениетін арттыру; әр тәрбиеленушінің отбасымен әріптестік қарым-қатынасын орнату;				

әңгімелесу, кеңес беру	Балаларды дамыту мен тәрбиелеу үшін отбасы мен МДҰ-ның күш-жігерін біріктіру; ата-аналардың, МДҰ тәрбиеленушілері мен педагогтерінің қарым-қатынасына оң көзқарас, ортақ мүдделер, өзара түсіністік атмосферасын құру. Ата-аналармен жұмысты ұйымдастыру Баланың өздігінен кінуге мүмкіндік беріңіз, аздап уақыт қалдырыңыз. Баланың таңғы асын дәруменге бай етіп дайындаңыз. Жылы тілектер айтып шығарып салыңыз, бұл сенімділік береді. Киімін өзі таңдауына мүмкіндік беріңіз, бірақ ауа райына сай нұсқалар ұсыныңыз.				
Балалардың іс-әрекеті (ойын, танымдық, коммуникативтік, шығармашылық, эксперименталдық, еңбек, қимыл, бейнелеу, дербес және басқалары)	Шаш өру" ойыны Балалардың қол моторикасын және зейінін дамыту, ұлттық дәстүрлерді үйрену. Біртұтас тәрбие	Біз суретшіміз» Кітап боямақтарын бояу, мозаикалармен және т.б. ойындар. Балалардың тату ойнауларын дамыту. Шығармашылық дағдылар	Қимылды ойын «Жасырынбақ» Балаларды шапшаң болуға үйретеді. Дене тәрбиесі	Балаларға пластикалық ыдыстан ұя жасауды үйрету «Құстарға қамқорлық» Экологиялық тәрбие	Қ/о «Мекен мен балапандар» Ит мысық туралы не білетіндерін сұрап, пысықтау. Дене тәрбиесі
Ертенгілік жаттығу	«Менің Қазақстаным» әнұран тыңдату, бірге орындау, жаттату Әнұран орындалғанда қолды жүрек тұсына қою, тік тұру, тыныштық сақтау дағдыларын бекіту. Әнұран кезінде балалардың бір-біріне ескерту жасауы емес, үлгі көрсету арқылы тәртіпке үйрету. Желтоқсанайына арналған таңертеңгі жаттығулар кешені Таңғы жаттығуларды ұлттық немесе заманауи ритмді күйлердің сүйемелдеуімен орындау. Міндеті: Қозғалыс белсенділігін арттырумен қатар, күй ырғағын сезінуге, музыкалық есту қабілетін дамытуға ықпал ету.				
Таңғы ас	Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті, «Күй күмбірі» Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру. Жеңдерін өз бетімен тұру, жуыну кезінде киімді суламау, жуыну кезінде суды шашыратпау білігін бекіту. Өз орнын тауып отыру. Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды тамаққа толтырып сөйлемей. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету, балаларға табиғи ресурстардың шектеулі екенін түсіндіру, суды, жарықты, үнемдеуге үйрету. Мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті, «Үнемі тұтыну» Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Балаларды ұйымдастырылған іс-әрекетке психологиялық даярлау, құрал-жабдықтарды әзірлеу, назар аударту орындарын ұйымдастыру Балалардың танымдық, коммуникативтік, әлеуметтік, шығармашылық және дене дағдыларын жоспарға сәйкес қалыптастыру әрекеттері Қауіпсіз, жайлы дамытушы білім беру ортасын құру				
Кестеге сәйкес ҮІӨ	Қазақ тілі «Астана» Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті:	Дене тәрбиесі Жалпы дамытушы жаттығулар Қолды жоғары	Музыка «Аспаптардың дыбысын танимын» Ұйымдастыру кезені	Дене тәрбиесі Жалпы дамытушы жаттығулар Шалқасынан жатып аяқтарды	Дене тәрбиесі Жалпы дамытушы жаттығулар Жартылай отырып, қолмен

	«А» дыбысы бар сөздерді тыңдау және айту: <i>Астана, алаң, автобус.</i> Сөздік қор: Астана, үй, алаң, көпір, қала. Грамматикалық құрылым: Бұйрық рай: <i>көрсет, айт, кел.</i> Көпше түр: <i>қалалар, алаңдар.</i> Байланыстырып сөйлеу: Қарапайым сөйлемдер: «Астана — әдемі қала», «Көпір биік». Ойын: «Астанаға саяхат» Суреттер арқылы балалар автобуспен «Астанаға барады». Педагог: «Алаңды көрсет», «Қаланы тап» деп нұсқау береді. Вариативтік компонент «Хореография» Маман жоспарымен	көтеру, екі жаққа жазу. Алақандарды айналдырып, білезік пен саусақ бұлшықеттерін босату. Омыртқаға арналған жеңіл бұру және еңкею жаттығулары. Төмен қойылған Көлбеу модуль бойымен еңбектеу. Еңбектеу барысында кедергінің астынан еңкейіп өту. Еңбектеу барысында денені төмен ұстап, тұрақты қозғалу. Қимылды ойын «Қояндар секіреді» — балалар екі аяқпен қатар секіреді, тәрбиеші белгі бергенде тізерлеп отыра қалады. Ойын балалардың секіру қабілетін, ығрақ сезімін және шапшаң реакциясын дамытады. Шынықтыру элементі Жеңіл сергіту жаттығулары — қолды, денені созу. Мұрын арқылы	Балаларды топтастыру, көңілді сергіту қимылы. Музыка тыңдау Барабан, сылдырмақ, металлофонның дыбысын кезекпен тыңдату. Балалар дыбысты естігенде сәйкес суретті көтереді (аспап суреттері). Ән айту Әннің көңілді сипатын жеткізу. Балаларды әнді созып, ойнақы айтуға үйрету. Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар Музыка басталғанда — шапалақтау. Музыка бәсеңдегенде — жүруді тоқтату. Жүппен қарапайым би: — қол ұстасып айналу — екі аяқпен секіру (жеңіл) — бір аяқпен қысқа секіру (тәрбиешінің көмегімен). Балалардың аспаптарда ойнауы Барабан мен сылдырмақпен «жылдам-баяу» ритмін ойнау. 2 сокқы — үзіліс — 2 сокқы. Қоштасу кезеңі Қол бұлғап қоштасу, тыныш әуен Вариативтік компонент «Хореография» Маман жоспарымен	кезекпен көтеріп-түсіру. Аяқ бұлшықеттерін созып-жұмылдыру, белді босату. Ішпен жатып қолды кезекпен созып, денені көтеру жаттығулары. Негізгі қимыл 4–6 м туннель арқылы еңбектеу. Балалар бір-бірінің артынан ретпен қозғалады, арақашықтықты сақтайды. Туннель ішіндегі бағдарлау мен ептілікті дамыту жаттығулары. Қимылды ойын «Аю орманға барады» — балалар аю сияқты ауыр қимылмен жүріп, тәрбиеші тоқтатқанда «демалып», отырады. Ойын қимылдың әртүрлі қарқынын меңгеруге және тыңдауға тәрбиелейді. Шынықтыру элементі Серуен кезінде жеңіл қозғалыс ойындары. Қармен ойнау, қарды қысып ұстау арқылы қол бұлшықеттерін шынықтыру. Өзіне-өзі қызмет көрсету Шанадан түскеннен кейін аяқ киімді шешу. Киімді, қолғапты, бас киімді орнына дұрыс қою. Сырт киімдерді күтіп ұстауға үйрету.	тізені ұстау. Басты төмен иіп, оңға-солға сермеу. Арка мен белге арналған созылу және бұрылу жаттығулары. Негізгі қимыл 1,5 м биіктіктегі саты бойымен өрмелеу және түсу. Екі қолмен нық ұстап, қадамдарды ретпен орындауға үйрету. Тепе-теңдік пен батылдықты дамыту. Қимылды ойын «Жел мен бұлт» — балалар «жел» дегенде айналады, «бұлт» дегенде еңкейіп отырады немесе қолды еркін сермейді. Ойын қозғалыс үйлесімділігін, қиялды және ырғақты сезінуді дамытады. Спорттық жаттығу Шананы жеңіл итеріп сырғанату. Бір-біріне көмектесу, шананы дұрыс бағыттау. Қауіпсіздік ережелерін сақтау. Салауатты өмір салты «Ауырмау үшін не істеу керек?» тақырыбында қысқаша түсіндіру: Дұрыс киіну, қолды жуу, таза ауада жүру, дұрыс
--	--	--	---	---	--

	терең тыныс алып, ауызбен баяу шығару. Мәдени-гигиеналық дағды Қол мен бетті жуу, орнамалды орнына ілу. Жеке заттарын күтіп ұстау және тазалыққа ұқыптылық.			тамақтану. Серуен соңында тыныс алу жаттығуларымен аяқтау. Вариативтік компонент “Хореография” Маман жоспарымен
«Ғажайыптар еліне саяхат» Коммуникативтік дағдылар, тіл дамыту, көркем әдебиет әрекеті: Балалар ғажайып елге сапар шегеді — “Қиял пойызына” міну ойыны арқылы өз қиялындағы елді сипаттайды. Жаңа сөздермен танысу: ғажайып, сиқыр, ел, арман, қиял. Өлең тыңдау: “Қиял қанатында” (мәнерлеп оқу). □ Дәйек сөз кіріктіріледі: «Ғажайыпты іздесең — жүрегіңнен тап!» — балалар мақал мағынасын талқылап, өз жүрегіндегі ғажайыпты	«Сиқырлы түстердің биі» Коммуникативтік дағдылар, тіл дамыту, көркем әдебиет әрекеті: Түстер туралы қиял әңгіме: “Егер аспан құлгін болса ше?”. Өлең оқу: “Түстердің достығы”. Балалар әр түске мінез береді (қызыл — батыл, көк — сабырлы, жасыл — мейірімді). Танымдық дағды, математика негіздері әрекеті: Түстер мен пішіндерді сәйкестендіру. Кемпіркосақ	«Ертегіге есік ашайық» Коммуникативтік дағдылар, тіл дамыту, көркем әдебиет әрекеті: Балалар сүйікті ертегілерін еске түсіріп, “Мен ертегідегі кейіпкер болсам...” деп қиял әңгіме құрастырады. М. Өлімбаевтың “Жаксылық жеңеді” өлеңін оқу. Танымдық дағды, математика негіздері әрекеті: Заттардың көлемін салыстыру (үлкен — кіші, ұзын — қысқа). “3 батыр”, “7 күн”, “9 ғажайып” ұғымдарын қолдану арқылы санау. Әлеуметтік дағды, қоршаған әлеммен таныстыру әрекеті:	«Жұлдызды ғаламшарда» Коммуникативтік дағдылар, тіл дамыту, көркем әдебиет әрекеті: “Менің ғаламшарымда не бар?” тақырыбында шығармашылық сипаттама. Ғарыш, жұлдыз, зымыран, аспан сөздерін үйрету. Өлең оқу: “Жұлдыздарға ұшу”. Танымдық дағды, математика негіздері әрекеті: Пішіндерді сәйкестендіру: дөңгелек — планета, үшбұрыш — зымыран. Әлеуметтік дағды, қоршаған әлеммен таныстыру әрекеті: Ғарышкер мамандығымен танысу. “Біздің Жер — ғажайып үй” атты әңгіме, экологиялық сана қалыптастыру.	«Арман қанатындағы ғажайыптар» Коммуникативтік дағдылар, тіл дамыту, көркем әдебиет әрекеті: Балалар “Арман деген не?” сұрағына жауап береді. “Арман құсы” ойыны — әр бала өз арманына қанат бітіреді. Қысқа ертегі құрастыру: “Менің арманым орындалды!”. Танымдық дағды, математика негіздері әрекеті: Пішіндерді сәйкестендіру: жұлдыз — арман, жүрек — мейірім. Әлеуметтік дағды, қоршаған әлеммен таныстыру әрекеті: “Жаксылық жасаған,

	суреттеп айтады. Танымдық дағды, математика негіздері әрекеті: Түстерді ажырату және санау (кызыл, сары, жасыл, көк, ақ). “Ғажайып пішіндер” ойыны: әртүрлі пішіннен ерекше бейне жасау Әлеуметтік дағды, қоршаған әлеммен таныстыру әрекеті: Табиғаттағы ғажайыптарды байқау: жаңбыр тамшысы, кемпіркосақ, күннің шуағы. “Күннің күлімдеуі де ғажайып” тақырыбында өңгіме..	түстерін ретімен санау. Әлеуметтік дағды, қоршаған әлеммен таныстыру әрекеті: Түстердің табиғаттағы маңызы: өсімдіктер, гүлдер, аспан, теңіз. “Түстер көңіл-күй сыйлайды” жаттығуы – әр бала өз сезімін түспен көрсетеді.	Жаксылық пен зұлымдық ұғымдарын талдау. “Мейірімді іс те ғажайып жасайды” тақырыбында пікір алмасу.	ғажайып қайтады” тақырыбында пікірталас. Балалар өздерінің мейірімді істерін айтып бөліседі.
Серуенге дайындық	Көрсету бойынша киімдерін киюді, қимыл белсенділігіне жағымды эмоциялық қарым-қатынас білдіруді, бұрын игерген қимылдарды өздігінен орындауды жетілдіру. Киім шкафтарын тануды қалыптастыру өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ұсақ моториканы дамыту Серуен алдында және барысында қауіпсіздік ережелерін сақтау: топтан бөлінбеу, ойын алаңын дұрыс пайдалану, қауіпті заттарды ұстамау, ауызға салмау ережелеріне үйрету Тәрбиеленушілер үшін қауіпсіз, жайлы, дамытушы білім беру ортасын құру			
Серуен	Желтоқсан айына арналған серуен картотека жинағы қосымша жасақталған			
Серуеннен оралу	Топқа оралу кезінде қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай педагогтің артынан жүру, жұптасып жүруді үйрету. Өз шкафтарын тану дағдысын қалыптастыру. Топта қиетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін үйрету. (дербес қимыл әрекеті).			
Түскі ас	Түскі ас алдында гигиеналық шараларды орындау : қолды дұрыс жуу, өз орамалының орнын білу, қолды дұрыс сұрту, орамалды ілу көркем сөз қолдану, мысалы «Сылдырлайды мөлдір су, мөлдір суға қолыңды жу» Балаларды үстел басында дұрыс отыру, үстелге қойылған ыдыстар мен заттарды таныстыруды жалғастыру балаларға табиғи ресурстардың шектеулі екенін түсіндіру, суды, жарықты, үнемдеуге үйрету. Мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету,			

	кезекшілердің еңбек әрекеті, «Үнемді тұтыну» Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы Ыстық тағамды үрлеп, абайлап жеу. Қасықты, шанышқыны дұрыс ұстау, ас құралдарын ауызға салмай ойнамау. Тамақты отырып, асықпай жеу. Тамақтану кезінде сөйлеспеу, тамақты шашпау. Ас ішіп болған соң ас құралдарын үстелдің шетіне қою, ауызды майлықпен сүрту. Тәрбиеленушілер үшін қауіпсіз, жайлы дамытушы білім беру ортасын құру				
Күндізгі ұйқы	Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағытуды қалыптастыру. Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету. Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету. Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. Бесік жырын айтып беру (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту) Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. (Музыка)				
Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары	Біртіндеп ояту: Балаларды жұмсақ дауыспен, жағымды музыкамен ояту. Сауықтыру жаттығулары: Түйіршек және жұмсақ жолақшалармен жүру арқылы табан массажын жасау, жеңіл қимыл жаттығулары (денсаулықты нығайту, бұлшық етті сергіту). Өзіне-өзі қызмет ету: Киімін ретімен кию, түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімін дұрыс кию (ірі және ұсақ моториканы дамыту). Мәдени-гигиеналық дағдылар: Қолын сабындап жуу, құрғатып сүрту, сүлгіні орнына ілу (тазалыққа баулу).				
Бесін ас	Ересектің бақылауымен бетін, қолдарын ластанған кезде және тамақтың алдында өз бетінше жуу, беті мен қолын жеке орамалмен құрғатып сүрту, ересектің көмегімен өзін ретке келтіруін қалыптастыру. Өз орнын тауып отыру. Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды тамаққа толтырып сөйлемеу. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету, балаларға табиғи ресурстардың шектеулі екенін түсіндіру, суды, жарықты, үнемдеуге үйрету. Мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті, «Үнемді тұтыну» Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы				
Балалардың дербес іс-әрекеті (қимылдық, ұлттық, сюжетті-ролдік, үстел үсті-баспа және басқа ойындар), бейнелеу іс-әрекеті, кітап қарау және басқалары)	Сурет салу: Балалар гуашьпен «Жүректегі ғажайып» суретін салады. Саусак ұшымен жүрек пішінді бояп, оның ішіне өз қиялындағы ғажайыпты бейнелейді (жарық, күн, достар). Мүсіндеу: Пластилиннен «Сықырлы тас» мүсінін жасау — оны ерекше өрнекпен безендіреді (ұсақ бұршақ, моншақпен).	Сурет салу: «Сықырлы бояулар билейді» — балалар акварельмен шеңбер ішіне түстерді еркін араластырып, биін салады. Мүсіндеу: Түрлі түсті пластилиннен «Түстер патшалығындағы шарлар» жасап, оларды топтық	Сурет салу: «Менің ертегі әлемім» — балалар өз ойындағы сықырлы орманды, сарайды немесе батырды бояулармен салады. Мүсіндеу: Пластилиннен «Ертегі кейіпкерін» (батыр, пері, айдаһар) жасау. Мүсінді аяқтаған соң балалар оны сипаттап әңгімелейді. Жапсыру: Түрлі түсті қағаздардан «Ертегі сарайын» қиып, терезе,	Сурет салу: «Жұлдызды аспан астында» — кара фонға ақ, көк, сары бояумен шашырату әдісі арқылы жұлдыз бейнелеу. Мүсіндеу: Пластилиннен «Зымыран» немесе «Ғарыш кемесі» жасау. Жапсыру: Дөңгелек түсті қағаздардан «Ғаламшарлар жүйесі» құрастыру. Құрастыру: Конструктордан «Ғарыш станциясы» тұрғызу (зымыран, ғарышкер, ай беті элементтерімен).	Сурет салу: «Менің арман әлемім» — бала өз арманының бейнесін салады (ұшып бара жатқан құс, күн, қала, отбасы). Мүсіндеу: «Арман құсы» — түрлі түсті пластилин мен қауырсындар қолдану. Жапсыру: Түрлі түсті жүрекшелерден «Мейірім бағы» композициясын жасау. Құрастыру: Ұжымдық жұмыс — «Бақыт қаласы»: балалар әртүрлі

	Жапсыру: Түрлі түсті қағаздан “Арман қанаты” жапсыру — әр бала өз қанатына бір жылы сөз жазады (“мейірім”, “жақсылық”). Құрастыру: Конструктор немесе кубиктерден “Сықырлы қакпа” тұрғызу — бұл қакпа ғажайып әлемге жол ашатынын елестету.	композицияға біріктіреді. Жапсыру: Қағаздан “Кемпіркосак әлемі” жасау — түрлі түсті жолақтарды бір-бірімен желімдеп, аспан көрінісін жапсырады. Құрастыру: Конструкторлардан “Түстер сарайын” тұрғызу (әр қабаты түрлі түспен боялған).	есік, мұнара жапсырады. Құрастыру: Кубиктер мен блоктардан “Сықырлы орман” тұрғызу (ағаштар, көпір, үйшік элементтерімен).		материалдан (конструктор, қорапша, қағаз) қала тұрғызып, оны “арман мекені” деп атайды.
Балалармен жеке жұмыс	Олжабек пен жұмыс сурет салу кезінде қарындашты, фломастерді, қылқаламды қолында еркін ұстауға үйрету	Аминна мен жұмыс алақанға салып тік және дөңгелетіп үйрету; ұқыпты жұмыс жасай алады: желімнің қалдықтарын сұртпуге майлықты пайдалануға үйрету	Ұлан мен жұмыс балаларға арналған музыкалық аспаптарды ажыратуға және атауға үйрету	Асылым мен жұмыс оюының бөліктері туралы ұғымдарға; -кескішпен түрлі безендірулер жасап үйрету	Томирис пен жұмыс мазмұнды композицияның бейнесін салу дағдыларын игерту; -қоршаған әлемнің әсемдігін эмоционалды қабылдап үйрету.
Серуенге дайындық	Киініп-шешіну кезінде киімдерін белгілі тәртіппен киюге және шешуге жаттықтыру. Киіміндегі ұқыпсыздықты байқап, оны өз бетінше немесе ересектердің көмегімен жоюға, қол орамалды пайдалануға үйретуді жалғастыру. Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балалармен жоспарлау. (тіл дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту). Серуен алдында және барысында қауіпсіздік ережелерін сақтау: топтан бөлінбеу, ойын алаңын дұрыс пайдалану, қауіпті заттарды ұстамау, ауызға салмау ережелеріне үйрету Тәрбиеленушілер үшін қауіпсіз, жайлы, дамытушы білім беру ортасын құру				
Серуен	«Тышқандар мен мысық» Міндеті: Ептілік пен шапшаңдықты дамыту.	«Жел соқты» Міндеті: Денені еркін қозғалту, ырғақ сезімін	«Құстар ұшыты» Міндеті: Тыңдау және дұрыс әрекет етуге үйрету. Шарты: Тәрбиеші	«Шанамен сырғанаймыз» Міндеті: Тепе-теңдікті сақтау. Шарты: Балалар шанаға отырып (немесе сүйретіп)	«Қарлы соқпақпен жүреміз» Міндеті: Дұрыс жүру, тепе-теңдікті сақтау.

	Шарты: Бір бала – «мысық», басқалары – «тышқандар». «Мысық келе жатыр!» дегенде тышқандар үйшікке қашады.	дамыту. Шарты: Балалар «жел соғып тұр» деп орамалдарын желмен бірге айналдырып, қозғалып ойнайды.	«құшты!» десе — қолдарын жайып ұшады, «құшпады!» десе — тоқтайды.	белгіленген жолмен сырғанайды.	Шарты: Арқанмен белгіленген «қар соқпағымен» құламай жүру.
Серуеннен оралу	Топқа оралу кезінде жылдам қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру. Жұмбақтар шешу, өлеңдер, әндер жаңылтпаштар, санамақтар және т.б. жаттау (көркем әрекет, дербес ойын әрекеті).				
Кешкі ас	Кешкі ас алдында гигиеналық шараларды орындау : қолды дұрыс жуу, өз орамалының орнын білу, қолды дұрыс сүрту, орамалды ілу көркем сөз қолдану, мысалы «Сылдырлайды мөлдір су, мөлдір суга қолыңды жу» Балаларды үстел басында дұрыс отыру, үстелге қойылған ыдыстар мен заттарды таныстыруды жалғастыру балаларға табиғи ресурстардың шектеулі екенін түсіндіру, суды, жарықты, үнемдеуге үйрету. Мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті, «Үнемді тұтыну» Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы Ыстық тағамды үрлеп, абайлап жеу. Қасықты, шанышқыны дұрыс ұстау, ас құралдарын ауызға салмай ойнамау. Тамақты отырып, асықпай жеу. Тамақтану кезінде сөйлеспеу, тамақты шашпау. Ас ішіп болған соң ас құралдарын үстелдің шетіне қою, ауызды майлықпен сүрту. Тәрбиеленушілер үшін қауіпсіз, жайлы дамытушы білім беру ортасын құру				
Балалардың үйге қайтуы	Балаларды ата-анасына жылы қарсы алып, тапсыру. Ата-аналарға баланың күн ішіндегі көңіл-күйі, жетістігі, іс-әрекеті туралы қысқаша ақпарат беру. Балалардың жеке заттарын (киім, аяқ киім, қолөнер жұмыстары) дайындап беру. Ата-анамен бала тәрбиесіне байланысты қысқа кеңес беру. Балалардың қауіпсіздігін қадағалау (ата-анасына немесе сенімді адамға ғана тапсыру). Қоштасу дәстүрін қалыптастыру (амандасу, «сау болыңыз» деп айту) Өнегелі 15 минут				